

Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 17/5-04 "Аудан көлемінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын жер салық ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 37/9-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 14-14-142 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 9/9-05 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 05.11.2012 N 9/9-05 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. «Аудан көлемінде ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын жер салық ставкалары туралы» Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 17/5-04 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-14-72 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 30 сәуірдегі «Шамшырақ» газетінің № 35-36 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын».

2. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы

А.Меңлібеков

С.Қалдықөзов

